

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 25 мамырдағы N 40 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 27 қараша N 95-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің қызметін әрі қарай қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 2001 жылғы 13 маусымдағы бесінші мәжілісінің шешімдерін іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі бірлескен жұмыс топтарының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 25 мамырдағы N 40 R010040_ өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе "мәжілісінің" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің және 2001 жылғы 13 маусымдағы бесінші мәжілісінің" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "төртінші мәжілісінің" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің және 2001 жылғы 13 маусымдағы бесінші мәжілісінің" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі бірлескен жұмыс топтарының құрамында:

Қазақстан Республикасының инвестициялық беделін көтеру мәселелері жөніндегі жұмыс тобының құрамына қазақстандық тараптан енгізілсін:

Николай - Қазақстан Республикасының Әділет
Белоруков вице-министрі, тең төраға;

мына жол:

"Раушан Қазыбекова - Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер министрлігі Инвестициялар
жөніндегі комитеті төрағасының

орынбасары"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Раушан Қазыбекова - Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер министрлігі Инвестициялар
жөніндегі комитеті төрағасының
орынбасары, тең төрағаның

орынбасары";

көрсетілген құрамнан Ажар Құзытбаева, Азамат Жолдасбеков шығарылсын.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК